

ҒТАХА 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202510108>

Ходжабердиева Мариям*¹

Тарих білім бағдарламасының 1 курс магистранты, «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қаласы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 34,
mariyamkozha@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-5984-3850

БОСҚЫНШЫЛЫҚТЫҢ АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ЖҮРІСІ ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

Аңдатпа. Мақалада босқыншылықтың Ақтөбе өңіріндегі жүрісі жөнінде сөз қозғалады. Ақтөбе өңіріндегі ауа көшу бағыттары: республикаішілік, облыс ішіндегі көшулерге және республикадан тыс жерлерге көшу бағыттары анықталды. Қоныс аударудың себептері және негіздеріне материалдар ұсынылды. Мақсатқа жету үшін шаруашылық - саяси науқандардың қазақ шаруашылығына әсері, кеңестік саясат салдары және қазақ шаруаларының босқыншылыққа ұшырау себептері қарастырылады. Қазақстаннан тысқары жерге босып кеткендердің де жағдайы жайлы деректер келтіріледі. Ақтөбе өңіріндегі ауа көшу тарихын және ғылыми зерттеулерде негізгі бағыттарды қалыптастыру архив материалдары арқылы зерттелінді. Босқындарды қайтару және орналастыру мәселелері сипатталды. Архив құжатында босқындардың легін тоқтату мақсатында асырылуға тиісті міндетті шаралардың жүзеге асырылуы туралы тіркелген мәліметтер анықталды. Жалпы ашаршылық жылдарындағы босқыншылықтың Қазақстанға келтірген залалы, этникалық құрамы мен экономикаға тигізген кері әсері айтарлықтай үлкен болды. Адамдардың көшуі мен кетуі ауылшаруашылық дағдарысынан баяу және ұзақ шығуға әкелді. Қорытынды бөлімінде Ақтөбе өңіріндегі ауа көшу мәселесінің тарихнамалық маңыздылығы айқындалып, кеңес саясатының қазақ шаруаларының көшуіне немесе ауа көшуіне себеп болған партия мен үкімет жүргізген қайшылықты саясаттар әсеріне баға берілді.

Кілт сөздер. Босқыншылық, ауа көшу, босқыншылықтың жүрісі, кеңестік саясат, саяси науқан.

Кіріспе. Әлемдік қоғамдастық ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың екінші жартысына дейін әлеуметтік-саяси ғылымның өзекті мәселесіне айналған, әлемдік тарихта таңбаланған, босқыншылық құбылысының жаппай көрінісіне тап болды. Мұның басты себептері – дүниежүзілік соғыстар, жер шарының белгілі бір аймақтарындағы жергілікті қарулы қақтығыстар мен саяси науқандардың орын алуы.

Тақырыптың өзектілігі. ХХ ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік биліктің саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өмірде жүргізілген саясатының бұрынғы КСРО халықтары, оның ішінде қазақ халқы үшін қайғы-қасіретке толы болғандығы белгілі.

Әсіресе, Қазақстан тарихындағы аса қасіретті кезеңдердің бірі - ол қазақтардың өз ата жұртынан ауа көшіп, босқыншылыққа ұшырау уақыты еді. Большевиктер партиясы мен Кеңес үкіметі тарапынан жүргізілген 1928-1930 жылдардағы астық-ет дайындау науқаны, кәмпескелеу, ауқаттыларды тап ретінде жою, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру, халықтық бас көтерулерді қарудың күшімен басу шаралары халқымызды тағы бір «ақ табан шұбырындыға» соқтырғаны мәлім.

Отандық, ресейлік және шетелдік саяси ғылымда босқындар мәселесі тиісті түрде қарастырылмағаны анық, және осы құбылысты терең талдауға арналған жұмыстар тек санаулы болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері: Жұмыстың мақсаты ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Ақтөбе өңіріндегі босқыншылықтың жүрісін зерттеу, олардың пайда болу себептерін, жүрісі мен салдарын анықтау.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Кеңестік саясат зардаптары және қазақ шаруаларының әрекеттерін талдау;
- Ақтөбе өңіріндегі ауа көшу бағыттарын анықтау;
- Босқындарды қайтару және орналастыру мәселелерін талдау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақаланы дайындау кезінде зерттеу жұмысына қатысты деректер ретінде архив құжаттары, материалдар мен құжаттар жинағы, сондай-ақ мерзімді басылым беттеріндегі осы тақырыпқа қарасты материалдар қарастырылды. Атап айтқанда, Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің 13-қордың 1-ші тізбесінің 315, 341-ші істерінің, 2-ші тізбесінің 42-ші ісінің, 63-қордың 1-ші тізбесінің 5-ші ісінің құжаттары зерттелді. Бұл қорларда босқыншылыққа байланысты партия, кеңестік билік және НКВД материалдары топтасқан.

Мәселені зерттеу барысында тарихизм, ғылыми объективтілік, тұтастық принциптері қолданылды. Бұл мәселені зерттеудің объективті критерийі тарихи фактілер мен тарихи дереккөздерге негізделген. Соңғы жылдары босқыншылық мәселесін зерттеу әлеуметтік-философиялық және саяси әдебиеттерде талдау тақырыбына айналды. Бұл мәселені зерттеумен отандық ғалымдардан Т. Омарбеков [1], М.Қ. Қозыбаев [2], Б.А. Төлепбаев [3], К.С. Алдажұманов [4], Ж.Б. Әбілғожин [5] және т. б. босқыншылық мәселесін зерттеуге арналған еңбектерін кездестіруге болады.

Зерттеушілер Т. Омарбеков, Қ. Алдажұманов еңбектерінде Қазақстандағы күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістерінің бұрқ ете қалуына дайындау науқандарының рөлі әртүрлі деңгейде сараланады. Ашаршылықты зерттеуші маман Талас Омарбековтың «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты еңбегі Қазақстандық және ресейлік архив қорларындағы деректерге сүйене отырып жазылған Ресей мен Орта Азия жеріндегі қазақ босқындарының қилы тағдырын қарастырған бірден бір еңбек болып табылады. Т. Омарбековтің зерттеуінде астық пен ет дайындау науқандарының дағдарысына арнайы тарау арналған.

Осынау қайғылы да қасіретті, қаралы кезең деректері кеңестік билік тұсында «құпия, аса құпия» құжаттар есебінде жабық жатты. Тек тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ғана сол кезеңнің шын, айқын пердесін ашуға қол жетті. ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы ұжымдастыру мен ашаршылық жылдарындағы қазақ қоғамының өміріндегі қайғылы оқиғалар туралы тарихи естелік тарихи әділдікті қалпына келтіру үшін ғана емес, әлеуметтену, азаматтардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру және ұлттық бірегейлікті нығайту проблемаларын шешу үшін де маңызды.

Зерттеу нәтижелері. Босқындар ашаршылық салдарынан ата қоныстарын тастап жаппай жан сауғалап, аштан өлмеудің амалын табу мақсатында жұмыс іздеп, азық іздеп, босқындар. Ауа көшуге мәжбүр болғандар. Босқындар тарихы - өте өзекті және әлі күнге дейін зерттеліп келе жатқан тақырып.

Шаруашылықтағы кеңестік саясат және оның қайшылықтары (себептері) - кеңестік саясат науқандары болды. Атап айтсақ: зорлап отырықшыландыру, байларды кәмпескелеу, ұжымдастыру, ет дайындау, жүн тері дайындау, астық дайындау науқандары болды. Астық, ет дайындау науқаны жаппай жазалау мен мәжбүрлеу, үрей туғызу арқылы жүргізілді.

Большевиктер партиясы мен Кеңес үкіметі жүргізген 1928-1930 жылдардағы астық және ет науқанына, байларды кәмпескелеу, ауқаттыларды жою, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру және халық көтерілісіне қарсы қуғын-сүргін халқымызды «Ақтабан шұбырынды» қасіретіне қайтарғаны белгілі.

Бұл жылдарда тұрғындардың ата қонысынан жат жерге қоныс аударуы белең алды. Тұрғындардың көшуінің себептері зорлап отырықшыландыру, астық, ет тапсырудағы шамадан тыс жүктемелер, сан түрлі салықтар, уәкілдердің, шалақ белсенділердің жүгенсіз іс-әрекеттері болып табылды. Ұжымдастыру мақсаты, науқаны халықтың қайғы-қасіретін молайтты.

Архив деректері бойынша, 1931 жыл мен 1932 жылдың басынан бастап ашыққан адамдар, ауылдардан қалаға қарай шұбырып маңайындағы қалаларға симай кеткен.

Жер аудару үш бағытта жүргізілді:

1. Ақтөбе облысы көлемінде (бір ауданнан екінші ауданға).
2. Республика көлемінде (мәселен, Ақтөбеден Қостанай, Семейге).
3. Республикадан тыс жерлерге (Ресейге, Сібірге).

1931 жылдың 1 желтоқсанындағы (БМСБ ӨӨ) ІІІ ОГПУ мәліметі бойынша Қазақстанда көшіп кету әрекеттері 1930 жылдың көктемінде басталған [6, 257 б.]. Көшу 1930 жылы 34 977, 1931 жылы толық емес мәліметтер бойынша 45 000 шаруашылықты қамтыған [6, 257 б.].

Қоныс аударудың себептері және негіздері:

- а) жекелеген аудандарда жіті прозалық қиындықтардың болуы
- б) нан-мал дайындаудың басым жоспарларынан қорқу
- с) өнімді пайдаланатын кулак-бай элементінің күшейтілген қызметі. Көші-қон қозғалысын күшейту мақсатында жүргізіліп жатқан қиындықтар мен науқандар [7, 40 п.].

8/ХІІ-1930 ж. күзгі кезеңде Шыңғырлау ауданынан 151 шаруашылық көшіп кетті, оның ішінде 17 бай, 8 орташа, 22 кедей және 104 әлеуметтік жағдайы белгіленбеген адамдар болды. Байлардың қоныс аударуының себептері-мемлекеттік салықтарды төлеуден аулақ болу, кедейлер мен орташалар тұқымның аздығына байланысты қоныс аударды.

9/ХІІ-1930 ж. Темір ауданынан 461 шаруашылық көшіп кетті, оның ішінде кедей - 367, орташалар - 75, байлар - 19. Қоныс аударудың себептері: азық-түлік іздеу. РИКом ауылдық кеңестерге кетуге және ұстамауға өкім берді.

9/ХІІ-1930 ж. №19, 21, 22 және 23 Ойыл ауданының ауылдары аталған аудан аумағынан көшіп кетті. Бай - Ойыл ауданының №14 жеке ауылы - астық дайындаудан сескеніп - Маңғыстау ауданына қоныс аударды.

Сол кезде партия мен үкімет саясатындағы қайшылықтар септігін Ақтөбе өңіріндегі тұрғындар да басқа жақтарға көшуге мәжбүр болды. БМСБ (ОГПУ) 1931 жылдың қазан айына дейінгі мәліметтерінде Ақтөбе өңірінен көшіп кету жағдайлары көрсетіледі.

Темір ауданында көшу қыс айларында байқалады, ол да негізсіз жүргізілген саяси-шаруашылық шараларға, яғни астық – ет тапсыру, салықтар төлеу, күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыруға байланысты болады. Шалқар және Ақтөбе аудандарында 150 шаруашылық кетеді [8, 117-118 бб.].

БМСБ (ОГПУ) Ақтөбе облысы Саяси-құпия бөлімінің қазақ тұрғындарының облыстан шеткері көшіп кетуі жөніндегі тағы бір арнайы мәліметінде 1932 жылдың қыркүйегіне дейінгі жағдайлар келтіріледі. Онда облыс аудандарынан қазақ тұрғындарының әлі де болса басқа аймақтарға, оның ішінде ҚҚАКСР Қоңырат, Шымбай аумақтарына және Оңтүстік Қазақстан облысының Қарсақпай ауданынан көшіп

жатқандығы айтылады. Соңғы 3 ай ішінде дәл емес мәліметтер бойынша 3 000 жуық шаруашылық немесе 12 000 жан қайта көшкен. Осы әрекет Табын, Шалқар, Торғай және Батпаққара аудандарын барынша, Арал, Темір, Қобда және Ақтөбе аудандарын төмендеу ауқымды қамтыған. Негізгі себептері кейбір аудандардағы азық-түлік тапшылығы, астық-ет дайындау жоспарының шектен тыс көтерілуі болады [7, 45 п.]. 1932 жылғы ОГПУ мәліметтерінде Ақтөбе облысынан 3000-ға жуық шаруашылықтың көшкендігі көрсетілген. Бұл деректерді салыстырмалы талдау көрсеткендей, бұл аудандардағы астық дайындау жоспарының артығымен орындалуы халықтың массалық көшуіне әсер етті.

Нәтижесінде, қазақтар дүние-мүліктерін сатып, бүтін ауыл болып Қарсақпайға, облыстың солтүстік аудандарына және Қарақалпақстанға көшіп кетеді. Табын ауданында жауапты қызметкердің айтуы бойынша тұрғындардың жартысынан көбі Қоңырат, Шымбай, т. б. қалаларға көшкен. №6, 14, 15, 10, 16, 17 ауылдарында жан қалмаған. Аштыққа ұшыраған аудандардағы көштің себебі астық дайындаудағы асыра сілтеушілік болып саналған. Адамов ауданы №5 ауылының тұрғыны Т. Б. айтуынша №2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 т. б. ауылдар тұрғындары «жақында астық дайындау басталады, былтырғыдай барлық астықты алып қояды, одан да басқа жақтан табыс табуымыз керек» деп, Кваркинск, Брединск аудандарына кетеді [7, 45 п.].

Меңдіғара ауданы: Михайлов ауылында/кеңесінде, колхоз массасының арасында дүрбелең пайда болады, бұл астық жинауға байланысты аштыққа немесе бір жерге кетуге тура келеді, кейбіреулері отбасыларымен кетіп қалды, ал кейбіреулері отбасыларын тастап, құжаттарсыз кетті.

Шалқар ауданында бай-ақсақал басшылығымен жаппай көшу болады. Сол кездері Арал қаласына қазақтардың көптеп келуі байқалған. Олардың 20-ы Қобда, 30-ы Темір, 70-і Шалқар аудандарынан келген. Олардың барлығы Қазалы станциясына дейін пойызбен барып, әрі Қарақалпақстанға қарай тағы 20 шаруашылық көшуге қамданған [7, 45 п.].

Ырғыз ауданының тұрғындары 1931 жылдан көшіп – қонып жүреді. Осы кезде аудан шегінен 1 000 аса шаруашылық көшіп кетеді. Қарабұтақ аумағына 4 872 шаруашылық қоныс тебеді. Торғай ауданында 1931 жылдан мамыр айы аралығында нан табу үшін 2 400 шаруашылық жан-жаққа көшіп кетеді [7, 46 п.].

Қиындықтар әсерінен кулак-бай қоныс аударғаны үшін үгіт-насихат күшейе түсті, сондай-ақ азық-түлік жағдайын жақсарту мақсатында жұмыс іздеу үшін халықтың басқа аудандар мен облыстарға ауа көшуі күшейе түсті.

Шаруалар бүлік шығарушылар қатарына қосылудан және сотқа тартылудан қорқып, қолындағы бар малын астыққа айырбастап, оны дайындаушыларға өткізуге мәжбүр болған. Күпия нұсқау хатта «Кейбір қазақ аудандарда егін екпейтін шаруашылықтарға астық дайындау тапсырылған, олар өз міндеттерін орындау үшін астықты басқа жақтан, әсіресе ауыл кулактарынан жоғары бағаға сатып алады, олар осылайша астық алыпсатарлығын ынталандырып отыр. Мұны, әсіресе, негізінен мал шаруашылығымен айналысатын Қарабұтақ, Ойыл және Алтықарасу аудандарында, сондай-ақ Ақтөбе, Қобда аудандарында болып отыр», - деп көрсетеді [9, 223 п.].

Кеңес үкіметінің солақай саясатының құрбанына айналарын білген қазақ байлары мен дін өкілдері – имам, молда, ишандар кеңес өкіметінің салған азап пен ажал құрығынан ата-қонысты тастап көшіп кету арқылы құтылу мүмкін екендігін түсінді. Олар көшіп кету арқылы өздерінің кеңес өкіметінің солақай саясатына қарсылық көрсету амалын ұстанды. Халықтың ауа көшуі негізінен, көбінесе көктем мен жаз айларында болды. Өйткені жыл мезгілінің күз-қыс айларында тау асуларынан өту малға да, адамға

да өте қауіпті болатын. Яғни, жаппай ауа көшіп, шекара асу көктем мен жаз айларында қолайлы болған.

Сара Кэмерон еңбегінде Қазақстанда ашаршылық 1930 жылдың қысында, Кеңес Одағының басқа республикаларына қарағанда бір жыл бұрын басталды. Азық үшін көшпендіге айналған қазақтар малдарын сойып, ата қоныстарын тастап, ауа көшіп, босып кете бастады. Елдегі ашаршылық күшейген 1931-1933 жылдар аралығында Қазақстан Республикасынан 1,1 миллионнан астам адам ауа көшіп кетті, олардың басым көпшілігі – қазақтар екендігі жөнінде деректер келтіреді. Қайғылы оқиғаның 1,5 миллион құрбанының 1,3 миллионын қазақтар құрады. Ашаршылықтан барлық қазақтардың үштен бірінен астамы қырылып, нәубет салдарынан мемлекетті құраушы қазақ ұлты өз республикаларында азшылыққа айналғандығы туралы мәліметтер бар [10, 147 б.].

Республикадан тыс жерлерге көшу (Өзбекстан, Қарақалпақ, Түрікменстан т.б) Қазақстаннан тысқары жерге босып кеткендердің де жағдайы мәз болмаған.

Басқа елге ауа көшу 1933 жылға дейін созылды, сол кезде қазақтардың бір бөлігі Орта Азияда: Қарақалпақстанда, Өзбекстанның оңтүстігінде Кашка-Дарья ауданында, Тәжікстанда, ал 1929-1930 жылдары ауа көшкен қазақтар легі Түрікменстанға барды. Ал Иран мен Ауғанстанға ұжымдастыру және отырықшыландыру кезеңінде 5000-ға жуық қазақ шаруашылығы ауа көшіп барған. Ауғанстан мен Иранға ауа көшкен босқын қазақтардың қоныс аударуы ол елдерге барудың жолқиындығымен қатар жолдың қашықтығына және КСРО-ның оңтүстік шекараларын әскерилердің қорғауының күшеюіне байланысты ол елдерге «көшіп бару» жаппай сипатта болған жоқ.

Жаппай ашаршылық жағдайында аман қалудың жолын іздеген Ақтөбе облысының сол кездегі Табын (қазіргі Байғанин) ауданының көпшілік тұрғындары Қарақалпақстанға, Өзбекстан, Түрікменстанға кетті. Ақтөбе облысына қарасты Қостанай жерінің тұрғындары жұмыс іздеп Магнитогорск, Уфа және Тюмень Курган сияқты Ресей қалаларына екі қолға бір күрек іздеп қашып барды. Тіпті, 1932-1934 жылдары ауа көшкен босқындардың азғантай тобы Тәжікстан, Өзбекстан асып Ауғанстанға жетті.

Қарақалпақ жерінің табиғи орналасуы Қарақалпақ жеріндегі қазақ босқындарының нақты санын анықтауды қиындатты. Өйткені, бұл өлкенің өзі республиканың көршілес екі одақтас аумағын байланыстыратын ерекше көпір болды. Қарақалпаққа орналаса алмаған қазақтардың бір бөлігі сол көршілес елдерге өтіп кетіпте жатты. 1929-1930 жылдардан бастап Қарақалпақ жеріне көрші орналасқан Қазақстанның Қазалы, Арал, Шалқар, Темір, Табын, Ақтөбе және т. б. аудандарынан қалың жұрт осынау көрші өлкеге ойыса ауды [11, 2 б.].

Қазақтар көрші елдерге - Өзбекстанға, Қырғызстанға және Түрікменстанға қоныс аударды, өйткені бұл республикаларда ұжымдастыру қазақ жеріндегідей шектен тыс болған жоқ [12, 502 б.].

1930-1932 жылдары кәсіпорындар Қазақстандағы аштық салдарынан босқындардың тым көптігінен оларды жұмысқа ала алмады. 1932 жылдың басында Орта Еділде Қазақстаннан барған 50 000-ға жуық босқын болды. Бұл босқындар негізінен Батыс Қазақстанның Ақтөбе мен Орал өңірлерінен барғандар. 1932 жылы 23 ақпанда 200-ге жуық босқындар Илецк және Орынбор станцияларын әртүрлі жұқпалы аурулардан зардап шеккендер паналаған.

Табын ауданындағы шаруалар бас көтеруі кезінде Ойыл ауданының оңтүстік бөлігіндегі ауылдар да Қарақалпақстан мен Түрікменстанға көшеді. Олардың саны жайында мәлімет жоқ. Ауданның батыс бөлігі тұрғындары бұрынғы Орал округі мен Орынбор қаласына (Орынбор ауданы) бет алады. 1931 жылдың жазында бұл жаққа, яғни

Соль-Илецк, Илецкіге және Башқұртстанға сол кезде Ақтөбе округіне қараған Шыңғырлау ауданынан 2000 шаруашылық көшіп кетеді.

Ақтөбе ауданы бойынша жазғы кезеңде аудан шегінен Шалқар, Темір, Орынбор, негізінен (Борский) ауданына 550-ге жуық шаруа қожалықтары көшіп келді [13, 57 п.].

Біздің деректеріміз бойынша көшпенділердің шоғырлануы Орта Еділ, Илецк, Соль-Илецк, Орынбор, Орск, Буртинский аудандары болды.

Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) 1931 жылдың қазан айына дейінгі мәліметтерінде Ақтөбе өңірінен көшіп кету жағдайлары көрсетіледі. Осы аралықта Табын ауданындағы үкіметке қарсы қарулы әрекеттерге байланысты басқа аймақтарға, негізінен Түрікменстан мен Қарақалпақстанға 6000 шаруашылық көшіп кетеді. Кейін Қарақалпақстанға кеткен 300-ді есептегенде барлығы 6300 шаруашылықты құрайды.

Архивтік деректерден қорытынды шығаратын болсақ, республикадан тыс жерлерге көшу Өзбекстан, Қарақалпақ, Түрікменстан т. б. құраған. Сондай-ақ, жалпылама талдау бойынша: Табын ауданынан Түрікменстан, Қарақалпақстанға 6300 шаруашылық көшті. Шалқардан Қарақалпақстан және т. б. аймақтарға 4697 қожалық көшті. Ырғыздан 1000-нан аса қожалық, Ойылдан 4218 қожалық, Торғайдан 2400 қожалық, Темірден 875 қожалық көшті. Ақбұлақ, Шалқар, Темір, Қобдадан - Орынбор, Орск, Башқұртстанға барлығы 12750-ге жуық шаруашылық көшті. Орта Еділге көшкен қазақтың жартысын Ақтөбе, Орал шаруалары құрады. 1932 жылы Қарақалпақ автономиялық республикасына 3000 шаруа қожалығы яғни 12000 адамға дейін көшті. 1931-1933 жж. Ақтөбе өңірінде дәл емес мәліметтер бойынша 35 мыңдай шаруашылық шамамен 140 мыңдай жан босқыншылыққа ұшыраған.

Босқындардың барлығы дерлік малсыз көшті, тек қана кейбір халықта негізгі көлік ретінде түйені пайдаланған. Босқындардың көпшілігі астық пен малға жайылым іздеп, ауыл болып, ру болып немесе жалғыз, қоныстануға қолайлы жерлерді іздеп аймақтарды кезді. Босқындардың материалдық жағдайы өте ауыр болды. Жұқпалы аурулар кең таралды. Көшіп келушілердің көпшілігі ауыл шаруашылығымен, егіншілікпен айналысқан. Босқындардың арасында тұрақты жұмысы бар жұмысшылар кемде-кем болды.

Ауа көшу көлемі артқан соң, Кеңес билігі босқындарды шекарадан ары өткізбеу, кері қайтару шараларын жүргізді. 1932 жылы 31 наурызда Өлкелік партия комитетінің бюросы өзінің №97 хаттамасымен «Қоныстарынан ауа көшкен кедейлер, орташалар қожалықтарын қайтаруды және Қазақстанның өз ішінде шаруашылықтық орналастыруды ұйымдастыру туралы» арнайы қаулы қабылдады [14, 13 п.].

Аштықтан жұмыс іздеп, бір үзім нан іздеп ауа көшкен босқындардың елге кері оралу көшінің ағыны 1932 жылы тамыз айынан бастап күшейе түскен. Қайтып келушілердің ауыл шаруашылығына негізделген даму сапасы өте төмен деңгейде болды. Үй - жайлар ұйымдастырылмаған, оралғандар ашық аспан астында тұрды, киімдер мен аяқ киім және тұрақты көмекпен қамтамасыз етілмеді. Көп аудандарда қайтарылған шаруа қожалықтары салынбаған тұрғын үйлерге орналастырылған және терезелер мен есіктер қираған блиндаждарда тұрды.

Баспана мен азық-түліктің жоқтығы аштан өлуге әкеліп соқтырды. Аудан бойынша қайтарылғандарды азық-түлікпен қамтамасыз ету және оларды жұмысқа орналастыру үшін бір қатар шараларды жүзеге асыру туралы шешім қабылданды. Елге кері оралған Ақтөбелік 2353 адам жұмысқа тартылған.

Азық-түлік көмегін көрсету және өндірістік тауарлармен қамтамасыз ету уақытылы жүзеге аспады. Мысалы, қазан, қараша айындағы азық-түлік көмегі желтоқсан айының басында жеткізілді. Бұл азық-түлік көмегі мұқтаж адамдарға тек желтоқсан

айында берілген. Желтоқсан айының азық-түлік көмегі 1934 жылдың қаңтарында ғана берілген. Осындай келеңсіздік пен жауапсыздықтың салдарынан қазан, қараша айларында №14, 15, 16, 7 және 24 ауылда ашаршылықтан өлім-жітім орын алған [15, 4 п.].

Осылайша, 1932 жылғы 31 наурыздағы №97 қаулы босқындарды қайтарудың негізгі механизмі болды. Бірақ бұл шаралар азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінің әлсіздігі себебінен сәтсіз аяқталды, нәтижесінде қайтып оралғандардың көпшілігі аштықтан қайтыс болды.

Ата қонысына оралған босқындардың елге келгеннен кейінгі жағдайлары түзелмеген, жергілікті билік тарапынан көмек көрсетілмеген. Тек қана аштардың аты-жөндерін тіркеп, жай-күйлерін хаттағаннан басқа көмектің болмағандығын аштықтан қайтыс болған адамдарға қатысты жайды архив құжаттарынан көруге болады.

Қорытынды. Қазақ шаруаларын меншігінен зорлап айыруы, қожалықтарын күштеп ұжымдастыруды қамтитын Қазақстан тарихының беттері аса күрделі болды. Қазақстандағы астық, ет дайындау науқандары аса қатал, қорқыту және қысым жасау әдістерімен жеделдете жүргізілген еді. Күштеп ұжымдастыру кезеңінде сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес қиындықтар болды. Малды зорлап тартып алып, тіпті мал иелерінің өз малын сойып алуына тыйым салынды, мал иелеріне өз малдарын басқаларға сатуға тыйым салынды, ал бұйрыққа бағынбағандардың малын сол бойында кәмпескеледі.

Архивтік деректерді талдау көрсеткендей, кеңестік астық науқанының қаталдығы қазақ шаруашылықтары үшін тұрақсыздықты тудырды. Бұл факторлардың жиынтығы халықтың ауа көшуіне әкелді.

Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету, ет және астық дайындау науқандарындағы зобалаңдар, байлар қожалықтарын тәркілеу және жойып жіберу саясаты, ауқатты және орта шаруаларды тәркілеу жағдайын жүзеге асыру, төрт түлік мал шаруашылығына негізделген мәдениетімізді жою үшін негіз болды. Жалпы, үкімет пен партия жүргізген қайшылықты саясат септігінен қазақ шаруашылықтары жер-жерге көшіп кетуге, босып кетуге мәжбүр болды. Бұл жағдай, сол кезде қабаттаса келген аштықпен бірге мал басы санының, тұрғындар санының қысқаруына әкеліп соқты. Босқыншылық қазақ тарихының қаралы беттерінің бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Омарбеков, Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағлымы [Текст] / Т. Омарбеков // Тарих ғыл. докторы. Дисс. авторефераты. – Алматы, 1994. – 35 б.

2 Қозыбаев, М. Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру [Текст] / М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілғожин. – Алматы: Ғылым, 1992. – Б. 5.

3 Тулепбаев, Б. Социалистические аграрные преобразования в Средней Азии и Казахстане [Текст] / Б. Тулепбаев. – Москва: Наука, 1985. – 231 с.

4 Алдажұманов, К. Крестьянское движение сопротивления [Текст] / К. Алдажұманов // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. — Алматы: Арыс-Казахстан, 1998. – С. 66–92.

5 Әбілғожин, Ж.Б. Сталинизм и номадизм: К вопросу о силовой политике седентаризации в Казахстане в конце 1920-х – начале 1930-х годов [Текст] / Ж.Б. Әбілғожин // Феномен кочевничества в истории Евразии. – Алматы, 2007.

6 Омарбеков, Т. О. XX ғ. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы [Текст] / Т. О. Омарбеков – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

7 Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. 13-қор, 1-тіз, 341-іс.

8 Ақтөбе өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін зобалаңы, 2021. – 200 б.

- 9 Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. 63-қор, 1-тіз, 5-іс.
- 10 Исенов, Ө.И., Құдайбергенова, А.И. Қазақстандағы ашаршылық пен босқыншылық (1920 ж. соңы -1930 ж. басы) [Текст] / Ө.И. Исенов, А.И. Құдайбергенова // Вестник КазНУ. Серия историческая, 2022. – Том 106 №3, <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1544>
- 11 Назарбаев, Н. Әділеттің ақ жолы [Текст] / Н.Назарбаев – Алматы: Қазақстан, 1991. – 288 б.
- 12 Трагедия казахского аула. 1928-1994: Сборник документов [Текст] / Сост. А.С.Зулкашева (отв.), Г.Т. Исахан, Ж.А. Сатаева. –Т.2. 1929-январь 1932. – Алматы: Раритет, 2018.–744 с.
- 13 Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. 13-қор, 1-тізбе, 315-іс.
- 14 ҚР ОММ. 1179-к., 1-т., 12-іс, 13-п.
- 15 Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. 13-қор, 2-тізбе, 42-іс.

REFERENCES

- 1 Omarbekov, T. Kazakh sharualaryn zheke menshik kozhalyktarynan ajiyu zhane uzhyndastyru: tarihy men taglymy [Deprivation of Kazakh Farmers of Private Ownership and Collectivization: History and Lessons]. Tarih gyl. doktory. Diss. Avtoreferaty, Almaty, (1994): 35 b. – (In Kaz)
- 2 Kozybaev, M. Kazakhstanagy kyshpen uzhyndastyru [Forced Collectivization in Kazakhstan]. Almaty: Gylym, (1992): B. 5. – (In Kaz)
- 3 Tulepbaev, B. Socialisticheskie agrarnye preobrazovaniya v Srednej Azii i Kazahstane [Socialist Agrarian Transformations in Central Asia and Kazakhstan]. Moskva: Nauka, (1985): 231 s. – (In Rus)
- 4 Aldazhumanov, K. Krest'janskoe dvizhenie soprotivleniya [Peasant Resistance Movement]. Deportirovannye v Kazahstan narody: vremya i sud'by, Almaty: Arys-Kazahstan, (1998): 66–92. – (In Rus)
- 5 Abilgozhin, Zh.B. Stalinizm i nomadizm: K voprosu o silovoj politike sedentarizacii v Kazahstane v konce 1920-h – nachale 1930-h godov [Stalinism and Nomadism: On the Issue of Forced Sedentarization Policy in Kazakhstan in the Late 1920s – Early 1930s]. Fenomen kochevnichestva v istorii Evrazii, Almaty, (2007) – (In Rus)
- 6 Omarbekov, T. O. XX g. 20-30 zhyldardagy Kazahstan kasireti: komekshi oku kuraly [The Tragedy of Kazakhstan in the 1920s-1930s: Supplementary Study Guide]. Almaty: Sanat, (1997): 320 b. – (In Kaz)
- 7 Aktobe oblysynyn memlekettik arhivi. 13-kor, 1-tiz, 341-is.
- 8 Aktobe onirindegi kenestik kugyn-syrgin zobalany, 2021. – 200 b.
- 9 Aktobe oblysynyn memlekettik arhivi. 63-kor, 1-tiz, 5-is.
- 10 Isenov, O.I., Kudajbergenova, A.I. Kazakhstanagy asharshylyk pen boskynshylyk (1920 zh. sony -1930 zh. basy) [Famine and Refugee Crisis in Kazakhstan (Late 1920s - Early 1930s)]. Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaja, (2022): Tom 106, №3, – (In Kaz) <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/article/view/1544>
- 11 Nazarbaev, N. Adiletin ak zholy [The Path of Justice]. Almaty: Kazakhstan, (1991): 288 b. – (In Kaz)
- 12 Tragedija kazahskogo aula. 1928-1994: Sbornik dokumentov [The Tragedy of the Kazakh Village. 1928–1994: Collection of Documents]. Almaty: Raritet, (2018): 744 s.
- 13 Aktobe oblysynyn memlekettik arhivi. 13-kor, 1-tizbe, 315-is.
- 14 KR OMM. 1179-k., 1-t., 12-is, 13-p.
- 15 Aktobe oblysynyn memlekettik arhivi. 13-kor, 2-tizbe, 42-is.

ХОД ОТКОЧЕВСТВА В АКТЮБИНСКОМ РЕГИОНЕ И ДЕЙСТВИЯ ПО ЕГО РЕГУЛИРОВАНИЮ

Аннотация. В статье рассматривается ход массового переселения в Актюбинском регионе. Определены направления переселения: внутри республики, внутри области и за пределы республики. Представлены материалы о причинах и основаниях переселений. Для достижения целей исследования рассматриваются влияние хозяйственно-политических кампаний на казахские хозяйства, последствия советской политики и причины вынужденного переселения казахских крестьян. Приводятся сведения о положении тех, кто откочевал за пределы Казахстана. История массового переселения в Актюбинском регионе и основные направления, выявленные в научных исследованиях, анализируются на основе архивных материалов. Описаны меры по возвращению и размещению беженцев. В архивных документах обнаружены данные о реализации необходимых мер для прекращения потока переселенцев. Масштаб ущерба, нанесенного Казахстану в годы голода, значительные изменения в этническом составе и негативное влияние на экономику были весьма велики. Миграции и отток населения привели к медленному и затяжному выходу из аграрного кризиса. В заключении подчеркивается историческая значимость проблемы массового переселения в Актюбинском регионе, а также дается оценка противоречивой политики партии и правительства, повлекшей массовое переселение или вынужденное бегство казахских крестьян.

Ключевые слова. Массовое переселение, вынужденная миграция, ход переселения, советская политика, политическая кампания.

THE COURSE OF NOMADISM IN THE AKTOBE REGION AND MEASURES FOR ITS REGULATION

Abstract. The article examines the course of mass migration in the Aktobe region. The directions of migration are identified: within the republic, within the region, and beyond the republic's borders. Materials are presented on the causes and grounds for migration. To achieve the research objectives, the study considers the impact of economic and political campaigns on Kazakh households, the consequences of Soviet policies, and the reasons for the forced migration of Kazakh peasants. Information is provided on the conditions of those who migrated beyond Kazakhstan. The history of mass migration in the Aktobe region and the main trends identified in scientific research are analyzed based on archival materials. Measures taken to return and resettle refugees are described. Archival documents reveal data on the implementation of necessary actions to halt the flow of migrants. The scale of damage inflicted on Kazakhstan during the years of famine, significant changes in the ethnic composition, and the negative impact on the economy were extensive. Migration and population outflow led to a slow and prolonged recovery from the agrarian crisis. The conclusion emphasizes the historical significance of the issue of mass migration in the Aktobe region and assesses the contradictory policies of the party and government, which led to the mass migration or forced flight of Kazakh peasants.

Key words. Mass Migration, Forced Migration, Migration Course, Soviet Policy, Political Campaign.